

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕЛШІЛІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 қазан 1993 ж. N 1085

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Азербайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Туркменстан, Өзбекстан Республикасы, Украинада елшіліктерін ашу туралы" 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1057 U931057_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің штат саны 9 адамнан тұратын болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісінің айлық жалақысы Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты басшысының жалақысы деңгейінде белгіленсін (қырғыз соммен).

Қырғыз Республикасымен Қатынастардың маңыздылығы және жұмыс көлемінің үлкендігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Елшісінің лауазымдық жалақысына 20 процент мөлшерінде үстемақы тағайындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігі қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшісінің лауазымдық жалақысына қарай белгіленсін. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің қызметкерлеріне жылына 4 лауазымдық жалақы мөлшерінде сыйақы берілсін, ал материалдық көмек жылына 2 лауазымдық жалақы мөлшерінде көрсетілсін.

Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің административтік-техникалық қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ай сайын 15 процент мөлшерінде үстемеақы белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің шығын сметасы 1993 жылдың 3 айына 461362,1 мың сом көлемінде бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша шығын сметасы белгіленген тәртіппен түзететін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігіне

өкілдік мақсаттар үшін шетелде шығарылған бір автомашина алуға рұқсат етілсін.

6. Жамбыл облысының әкімі Бішкек қаласындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің ғимаратын қайта жаңарту және жөндеуге қатысты барлық мәселелерді шешетін болсын. Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі, Республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің жабдықтар мен мүкәммалға қажеттілігін қарастырып, олардың 1993 жылы бөлінуін және жеткізілуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі